5-дәріс

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АШЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ТІЛ БІЛІМІНЕ КІРІСПЕ

Тілдің мағынасы. 1-бөлім

2-тарау. Тілдің мағынасы

Кез келген тілде сөйлеушілер айтылып жатқан әңгімені оңай түсінеді, өздері де сөйлем құрастырып айта алады. Соған қарамастан, ғасырлар бойы философтар сөздің мағынасына айрықша мән беріп келді. Біз тілді басқа адамдарға ақпарат беру, сұрақ қою, бұйрық беру және тілек білдіру үшін қолданамыз. Тіл туралы аз да болса біліміміз болғанымен, мағына жайлы аса көп біле бермейміз. Мәселен, ағылшын тіліндегі «flick» сөзінің «фильм, оқыс қимыл, түрту, жеңіл соққы» сияқты мағына білдіретінін, егер оның орнына «blick» сөзін қолдансаңыз, ешқандай мағына бермейтінін де білесіз. Сол сияқты «Jack swims» сөйлемі «Джек жүзеді» деген мағынаны білдіретін сөйлем болса, «Swims metaphorical every» сөйлемі ешқандай мағына бермейді. Кей жағдайда сөз де, сөйлем де екі мағынаны білдіруі мүмкін. Мысалы, «bear» сөзін бірде «ау» десек, енді бірде «алып адам, ұйқышыл немесе маубас, төзімді, шыдамды» деп қолдануға болады. «Jack saw a man with a telescope» деген сөйлемді де екі түрлі мағынада аударуға болады. Джек телескоп арқылы бір адамды көрді/Джек телескоп ұстаған адамды көрді. Кейбір сөздер мен сөйлемдер де бірдей мағына бере алады. Мысалы: «sofa and couch» сөздері «диван, софа, тахта» сияқты мағыналарды берсе, «Jack put off the meeting, Jack put the meeting off» сөйлемдері «Джек кездесуді кейінге қалдырды» деген бір ғана мағына береді.

Сөздер мен сөйлемдер кейде қарама-қарсы мағынаны да білдіреді. Мысалы: «alive/dead; Jack swims/Jack doesn't swim» тіркестері. Әдетте сөздер шынайы өмірде бар нысандарға қатысты болып келеді, мысалы «the chair in the corner/бұрыштағы орындық», ал «бұтаның артындағы бірмүйізді жануар» сияқты мысалдағы сөздердің нақты нысанаға қатысы болмаса да, сөйлем арқылы нысанның нені аңғартатынын білуге болады. Ерекше нысан көзге түсе қалған жағдайда ғана оны нақты ажырата аласыз.

Кез келген сөйлемнің мағынасын білсеңіз, оның шынайы келбетін ажырата аласыз. Кейбір жағдайда сөйлем анық немесе көпмағыналы болуы мүмкін: «All kings are male [true] Барлық патшалар еркек кіндік [шын]/«All bachelors are married [false]/Барлық бойдақ үйленген [жалған]». Кейде лингвистикалық емес білім де қажет болады. Мысалы: «Molybdenum conducts electricity/ Молибден электр өткізеді», бұл жағдайда танымдық біліміңізге сүйеніп, сөйлемнің мағынасын біле аласыз. Әдетте сөйлемнің ақиқат екенін білсеңіз, мысалы: «Nina bathed her dogs/Нина иттерін жуындырды», онда одан кейінгі сөйлемдер де ақиқат болуы тиіс. «Nina`s dogs got wet/Нинаның иттері су болды». Бұл жерде бірінші сөйлем екінші сөйлемнің де мағынасын сабақтастырып тұр. Біздің мағына жайындағы біліміміз грамматиканың бір бөлігі – синтаксис туралы білімге ұласады. Әрбір сөйлеуші қолданатын осы білімнің мағынасын айқындау және түсіндіру – лингвистика мақсаттарының бірі.

Морфемалардың, сөздердің, сөз тіркестері мен сөйлемдердің лингвистикалық мағынасын зерттеу семантика деп аталады. Сөздер мен олардың арасындағы қарым-қатынасты қарастыратын семантиканың бір бөлігі – лексикалық, ал сөзден үлкен синтаксистік бірліктердің мағынасын қарастыратын бөлігі – тіркестік немесе сөйлемдік семантика деп аталады. Контекстің мағына арқылы берілуі прагматика деп аталады, мұны келесі мысалдан анық байқаймыз: «It's cold in here/Бұл жер салқын», бұл сөйлем «Close the windows/Терезені жап» деген нақты бір белгілі жағдайды білдіріп тұр. Бұл көбінесе шындық-шартты семантика деп аталады, себебі, сөйлеушінің ақиқатқа негізделген білім деңгейін көрсетеді. Бұл құбылыс композициялық семантика деп те аталады, өйткені, ол сөйлем шындығының құндылығын ұсақ бірліктердің мағыналарын жасау, бірге жинақтау, құрастыру арқылы шындық мәнін ашады.

Біз талқылауды «Jack swims/Джек жүзеді» және «Jack kissed Laura/Джек Лауранын бетінен сүйді» сияқты хабарлы/декларативті сөйлемдер арқылы аяқтаймыз. Өйткені осындай сөйлемдерді шынайы шындық немесе жалған ақпарат ретінде бағалай аламыз. Олардың кем дегенде бір бөлігінде шындық бар. Тағы бір мәселе сөйлемдердің шындыққа жақын екендігімен байланысты. Мысалы, «Jack swims/Джек жүзеді» сөйлемінің мағынасын білгендіктен, «шын» деп есептейсіз. Ал егер Джектің ешқашан жүзуді үйренбегенін естіген болсаңыз, дәл сол «Джек жүзеді» сөйлемін «жалған» деп белгілейсіз әрі сөйлеуші жалған айтты деп ойлайсыз. Сөйлемнің мағынасын біліп алсаңыз, қандай жағдайда сөйлемнің «шын немесе жалған» екенін анықтай аласыз.

Сөйлемнің мағынасын түсіну үшін сөйлемнің дұрыс немесе жалған екенін анықтау міндетті емес. Мағынаны білу шындықтың мәнін анықтау керектігін көрсетеді. Copper conducts

electricity/Мыс электр энергиясын өткізеді» деген сөйлемнің мағынасы түсінікті, өйткені, біз оның дұрыс немесе жалған екенін қалай анықтауға болатынын вольтметр пайдалану арқылы білеміз. Сондай-ақ сөйлемдегі сөздерді шамдардағы мыс сымдарды пайдалану арқылы да мұқият түсіндіре аламыз. «Crumple-horned snorkacks incarnadine nargles» деген сөйлемнің мағынасын түсіне алмаймыз, себебі, хинди бәліштері туралы шын не жалған деген ақпарат жоқ. Сондықтан қайсысын белгілеуді білмейміз. Көп жағдайда сөйлемдерді дұрыс немесе жалған деп бірден нақты айту қиын. Керісінше, бастапқы «Джек жүзеді» деген мысал сөйлемде айтып кеткендей, белгілі бір жағдайда «шын немесе жалған» болады. Бірақ көптеген сөйлем тегінде қандай жағдайда болмасын, әрқашан шындықтың айқын көрінісі болады. Олар тавтология деп аталады. Тавтологияларға мысалдар келтіріп көрелік: «Circles are round/Шеңберлер дөңгелек» немесе «A person who is single is not married/Жалғызбасты адам үйленбеген. Бұл сөйлемдердің шындық екені сөйлемнің бөліктері мен орналасу реті арқылы айқындалып отыр. Кейбір сөйлемдер үнемі жалған болады. Оны қарама-қайшылықтар деп атайды. Қарама-қайшылықтардың мысалы ретінде мына сөйлемдерді келтіруге болады: «Circles are square/Шеңбер төртбұрышты немесе A bachelor is married/үйленген бойдақ».

Әлемдегі біз білетін оқиғалардың көбі ескертулеріміз бен айтқан сөздерімізден туындайды. Мысалы, Шерлок Холмс жоғары мәртебеге ие болды, бірақ, мәртебенің жарыққа шығуы тек тіл арқылы көрініс табады. Мысалы: «Jack swims beautifully/Джек жақсы жүзеді» сөйлемінің «шын/ақиқат» екенін білсеңіз, онда «Jack swims/Джек жүзеді» сөйлемінің де шындыққа жанасатынын білесіз. Осы мағыналық байланыс импликация немесе меңзеу деп аталады. Сонымен, Джектің жақсы жүзетіні оның жүзетінін нақты білдіріп тұр. Жалпы айтқанда, бір сөйлем екінші сөйлемді нақтылап тұр, егер бірінші сөйлем дұрыс болса, екіншісі де соған сәйкес дұрыс болады. Немесе оны нақтылай түседі.

Әдетте меңзеу тек бір бағытта жүреді. Сондықтан «Джек жақсы жүзеді» сөйлемі Джек жүзеді мағынасын меңзеп тұрғанымен, нақты емес. Джектің жүзетінінің шын болуы оның жақсы жүзетінін ғана көрсетпейді, ол нашар жүзуі де мүмкін. Екінші жағынан, меңзеу екі сөйлемді де жоққа шығара алады. Олай болса, «Jack doesn't swim/Джек жүзбейді» деген сөйлем «Jack doesn't swim beautifully/Джек жақсы жүзе алмайды» деген мағынаны білдіріп тұр. Басқа мағыналық қатынастарға қатысты теріс ұғымдар біз туралы білімді анықтау үшін пайдаланылуы мүмкін. Мысалы, тавтология мен қарама-қайшылықтарды қарастырмасақ, берілген екі сөйлем де синонимдік қатарға жатады. Өйткені екі сөйлем де бірдей жағдайға қатысты «шын немесе жалған» болады. «Jack put off the meeting and Jack postponed the meeting/Джек жиналысты кейінге қалдырды немесе Джек кездесуді кейінге шегерді» сияқты сөйлемдердің мағынасы бір-біріне жуық, сондықтан, біреуі шын болса, екіншісі де шын болуы тиіс; сол сияқты сөйлемнің құрамдас бөлігінің біреуі жалған болса, екіншісі де жалған болады. Біз меңзеу ұғымын қолдана отырып, бұл нұсқаны қысқа әрі түсініктірек жолмен сипаттай аламыз. «Джек жүзеді» сөйлеміндегі Джек сөзінің нақты нысанға қатысты екенін білеміз. Мысалы, бұрын ұсынылған нұсқаларда Джек – сіздің досыңыз және қазір жүзу бассейнінде жүрген жігіт. Осыған сүйене отырып, Джек жеке тұлғаға байланысты қолданылады деген қорытынды жасаймыз. Олай болса, «жүзу» етістігінің мағынасы қандай? Біріншіден, swim/жүзу сияқты етістіктер белгілі бір нәрсені жалқы есімдерге тән әрекеттер сияқты көрсете алмайды. Бірақ етістіктердің нендей мағына білдіретіні жөнінде білу жолдары бар (сын есімдер мен жалпы зат есімдер, мысалы: cake/торт). Джек зат есімінің әлемдегі қолданыста нені білдіретініне келсек, өмірде Джек деген адам бар, жүзу етістігінің анықтамасы бойынша, дәл қазір ол бассейнде жүзіп жүр. Бұл анықтама ғалым Ф.Л. Готлобтың алғашқы философиялық еңбегіне негізделген.

Фреге мен Бертран Рассел сияқты семантиканы зерттеуші ғалымдар «предикаттарды анықтаудың ең жақсы тәсілі – оларды жеке қолданғанда нақты қандай ұғымдарды сипаттайтынын білу» деп есептейді. Атап айтқанда, «жүзу» етістігінің мағынасын сипаттаудың ең жақсы тәсілі – жүзе алатын жеке тұлғаларды анықтай отырып, мағынаны жан-жақты ашу. Осылайша, «жүзу» етістігінің мағынасын ашу біздің семантикалық білімімізге сәйкес келіп, сөйлем мағынасын толық түсінуге көмектеседі. Семантикалық ережелеріміз жеке сөздердің білдіретін мағынасы мен құрамына қатысты саналы түрде жасалуы тиіс. Мысал ретінде «Джек жүзеді» сөйлемін алайық, сонда біз бұл сөйлем мағынасының семантикалық ережелермен сәйкес келгенін түсінеміз.

Сөйлем мағынасы әрдайым анық, нақты бола бермейді. Тіпті сол тілде сөйлейтіндер үшін де түсініксіз болуы мүмкін. Бір сөйлемді түрліше түсіну мүмкін болғандықтан, оның нақты мағынасын түсіну үшін арнайы білім қажет. Ақындарды, білімді адамдарды, тіпті профессорлардың өзін түсіну кейде қиынға соғады. Алдыңғы дәрістерде біз семантикалық ережелердің сөйлемдегі сөздердің мағынасы мен синтаксистік құрылымына сүйене отырып, сөйлем мағынасын жасайтыны туралы айтқан болатынбыз. Алайда сөздерге немесе семантикалық ережелерге байланысты түрлі мәселеге орай сөйлемнің композициялық байланысы үзілетін жағдайлар да болып жатады. Сөйлемдегі бір немесе бірнеше сөздің мағынасы болмаса, онда ол сөздер қолданылатын сөйлемде де еш мағына болмайды. Сондай-ақ жеке сөздердің мағынасы болғанымен, олар синтаксистік құрылымға немесе семантикалық ережеге сай келмесе де сөйлем мағынаға ие болмайды. Біз мұндай жағдайды семантикалық ауытқу деп атаймыз. Мағынаның болуы біраз шығармашылық пен тапқырлықты талап етеді. Оны метафорадан байқауға болады. Идиомалар деп аталатын кейбір тіркестердің мағынасы тұрақты болады, басқаша айтсақ, олардың мағынасы композициялық емес. Композициялық ережелерді идиомаларға қолдансақ, ондай тіркестердің мағынасы күлкілі және орынсыз болып шығар еді.

Енді Colorless green ideas sleep furiously сөйлемін алып көрелік. Бұл сөйлем ағылшын тілінің барлық семантикалық ережесіне бағынады. Бастауыш – «түссіз жасыл идея», баяндауыш – «ұйықтайды». Мұндай сөйлемдердің синтаксистік құрылымы бірдей. Дегенмен мұнда семантикалық құрылым жағынан бір кемістік бар екені айдан анық. Түссіз деген сөздің мағынасына «түсі жоқ» деген семантикалық ерекшелік кіреді, бірақ, «түсі жоқ» және «жасыл түстегі» деген екі ұғым бір мағыналы бола ала ма? Сөйлемде басқа семантикалық ауытқу бар. Мұндай сөйлемдерді аномалия немесе семантикалық ауытқу деп атайды. Басқа ағылшын «сөйлемдерінің» барлығы бірдей мағына жасай алмайды, себебі, оларға мағынасы жоқ «сөздер» қосылады; олар түсініксіз. Льюис Кэрролдың «Джабервокиі» – мағынасы жоқ сөздерден тұратын ең атақты поэмасы, бірақ ондағы сөздер тілдік қорда жоқ. Дегенмен барлық сөйлемдер ағылшын тілінде кездесуі керек секілді.

’Twas brillig, and the slithy toves
Did gyre and gimble in the wabe;
All mimsy were the borogoves,
And the mome raths outgrabe.
. . .
He took his vorpal sword in hand:
Long time the manxome foe he sought—
So rested he by the Tumtum tree,
And stood awhile in thought.

He took his vorpal sword in hand бір мағынаны білдіреді, мысалы: He took his sword, which was vorpal, in hand және It was in his hand that he took his vorpal sword.

Тілді біле тұрып, vorpal сөзі бұл сөйлемдерде бірдей мағынаға ие деген тұжырымға келуге болады. Басқаша айтқанда, екі сөздің бірінің мағынасын білмесеңіз де, екеуі де бірдей мағынаға ие болады деп ойлауыңызға болады. Vorpal сөзінің семантикалық ерекшелігін кез келген қолданыста бірдей мағынаға ие деген шешім шығара аласыз. Қазір біз Алисаның «Jabberwocky» мәтінін оқығанда не себепті пікір қалдырғанын көреміз:

‘It seems very pretty, but it’s rather hard to understand!’ (You see she didn’tlike to confess, even to herself, that she couldn’t make it out at all.) ‘Somehowit seems to fill my head with ideas—only I don’t exactly know what they are! However, somebody killed something: that’s clear, at any rate’.

Аномалия мен метафоралық айтылымның арасында ешқандай қатаң ереже жоқ. Техникалық метафоралар ауытқу болып саналады, бірақ, аномалияның табиғаты әдетте қолданылатын метафоралардың мағынасын қалыптастырады.

A grief ago аномалиясы ағылшын тілінде сөйлеушілер арқылы ‘the unhappy time following a sad event’ деп түсіндірілуі мүмкін және осылайша метафораға айналады. Концептуалды мағынасы түсінікті болып көрінгенмен, Our doubts are traitors тіркесінің сөзбе-сөз мағынасы

түсініксіз болуы да мүмкін. Метафораларды аудару барысында жеке сөзді, айтылымның толық сөзбе-сөз мағынасы мен әлем туралы фактілерді түсінуіміз керек.

Time is money (уақыт – ақша) метафорасының мағынасы да қызық.

Шын мәнінде, абстрактілі түсінік болып саналатын «уақыт» тұжырымы – көп қолданылатын метафора. Біз «уақытты үнемдеу», «уақытты босқа құрту», «уақытқа еру», «уақытты кері айналдыру», «уақыт – құм» деп айтамыз. Шындығында, уақыт метафоралары абстрактілі тұжырымға ие және құндылықтың нақты нысанын қарастырады. Метафораның мықты мәдени компоненті бар.

Шекспирдің бүгінде жойылып кеткен метафоралары «I am a man whom Fortune hath cruelly scratched» қоғамда ең көп тараған метафора болып саналады, бұл жерде Шекспир «Fortune» сөзі арқылы әйел затын бейнелейді. «The fall of the dollar» (доллардың құлдырауы) сияқты әлемдік нарықта құнын төмендеткен көптеген айтылым сөзбе-сөз алынған, мүмкін метафора ретінде алынған болар. «Көп адам кірпігін таяқпен ұрмас еді» дегеннің мағынасы үнемдеу немесе уақытты зая кетірмеу дегенге саяды. Тілде метафораның пайдаланылуы – тілдегі ең биік жасампаздық. Оның үстіне метафоралық қолданылымның негізделуі, сөйлеушілердің сөз туралы білуі және олардың қиыстыруға негізделген мүмкіндіктері барлығы қарапайым лингвистикалық білімге негізделеді.

Тілдегі сөздер бір-бірімен емін-еркін тіркесіп жасалатындықтан, олар ой-түйсікке қатысты сөздердің қатарына енуі тиіс. Мағыналық құрылымы жағынан және грамматикалық тұрғыдан өзіндік ерекшеліктері бар тілдегі сөздердің тұтас жиынтығы сөздік қор деп аталады. Екінші жағынан, сөздік қордағы сөздердің, сөз тізбектері мен сөйлемдердің құрылысы морфологиялық тұрғыдан байланысып, мағыналары астасып жатады. Сонымен қатар кез келген тілде көптеген сөз тізбектері яғни, даяр қалпында қолданылатын тілдік бірліктер бар, бірақ, оларды білдіретін ұғымды құрастырушы сыңарларының меншікті мағынасы арқылы түсіне алмайсыз. Бұл тіркестер әдетте қолданыста «метафора» ретінде бастау алып, жиі қолданылуға байланысты олар біртіндеп дайын тілдік құралға айнала бастайды. Мұндай тілдік қолданысқа айналған сөз тіркестері идиомалар немесе тұрақты тіркестер деп аталады.

sell down the river
rake over the coals
drop the ball
let their hair down
put his foot in his mouth
throw her weight around
snap out of it
give a piece of your mind

Идиомалық тіркестерді құрастырушы сөздер мен морфемалар бір-бірімен тіркесіп жасалғанмен, үйлесім/композициялық қағида бойынша мағынасы жағынан біртұтас яғни, құрылымы жағынан бөлшектенбейтін тұрақты бірлік ретінде қарастырылады. Ағылшын тіліндегі идиомалар құрылымы жағынан кәдімгі тіркестерге ұқсас келгенімен, тұрақты тіркес болуға бейім болады және құрамындағы сөз қатарын өзгертуге, бөліктерін ауыстыруға болмайды.

Төмендегі бірінші сөйлем мен екінші сөйлемнің құрылымы бірдей.

1. She put her foot in her mouth/Ол қолын аузына салды (идиома ретінде аяқ сөзін қол деп аударып отырмыз).

2. She put her bracelet in her drawer/Ол білезіктерін жәшігіне салды.

Бірақ үшінші және төртінші сөйлемдер екінші сөйлемге қатысты берілген.

3. The drawer in which she put her bracelet was her own/Білезік салынған суырма өзінікі болатын.

4. Her bracelet was put in her drawer/Білезік оның сөресіне қойылды.

Бесінші және алтыншы сөйлемдердің бірінші сөйлемдегідей әзілге негізделген, идиомалық мағынасы жоқ.

5. The mouth in which she put her foot was her own/Аяғын салған ауыз оның өзінікі болатын.

6. Her foot was put in her mouth/Ол аяғын аузына салды.

Сондай-ақ егер екінші сөйлемнің мағынасы мен necklace/алқа сөзінің мағынасын білетін болсақ, біз жетінші сөйлемді бірден түсінер едік.

7. She put her necklace in the drawer/Ол алқасын сөреге қойды.

Бірінші сөйлемдегі аудармада «қол» сөзін «аяқ» деп ауыстырсақ, тікелей аудармасы бойынша, онда идиомалық мағынаны сақтай алмаймыз, оның тек әдеби композициялық/үйлесімділік мағынасын ғана қолданамыз. Алайда идиомалық мағынаның өзара әрекетінсіз араласа алатын идиоманың кейбір бөліктері бар:

The FBI kept tabs on radicals.
Tabs were kept on radicals by the FBI.
Radicals were kept tabs on by the FBI.

Идиомалар да метафоралар сияқты семантикалық қасиеттің ережесін бұза алады және идиомалар кейде синтаксистік ережелерді сақтамауы мүмкін, мысалы, deep six айтылымы. Бұл жағдайда ешқашан етістік ретінде қолданылмайтын бөліктердің жеке етістік ретіндегі мағынасы 'to put the kibosh on' болады. Идиомалардың грамматикалық, семантикалық ерекшеліктері бар. Олар мағынасымен бірге түсіндірме сөздікке енуі тиіс. Барлық тілде идиомалар бар, бірақ, олар бір тілден екінші тілге сөзбе-сөз өте сирек аударылады. Американдық ағылшын тілінде сөйлейтіндердің көпшілігі to kick the bucket идиомасының мағынасын «өлу» ретінде қабылдайды.

Айтып өткеніміздей, сөз тіркесінің немесе сөйлемнің мағынасы оның құрамындағы сөздердің мағыналарының тұтастығымен сипатталады. Күрделі сөздің морфологиялық құрылымы оның құрамындағы жекелеген лексемалардың семантикалық қызметіне байланысты болады. Алайда негізгі айырмашылық сөздің мағынасы мен сөйлем мағынасының арасында жатыр. Тілде сөйлеушілер ой-түйсікке қатысы бар сөздерді білдіретін қолданыста қалыптасқан морфемалардың, сөздер мен идиомалардың мағынасымен толықтай келіседі, себебі, бұл тілді меңгеретін балалардың түсінуіне де ешқандай қиындық туғыза қоймайды. Екінші жағынан, көптеген сөйлемнің мағынасы семантикалық ережелерді қолдану арқылы құрылады.

Сөздің мағынасы тілдік қатынаста уақыт өткен сайын өзгеруі мүмкін, ал біз өз қалауымызбен сөздердің мағынасын өзгертуге хақымыз жоқ, егер сөздердің мағынасын өзгертіп қолданатын болсақ, бір-бірімізбен қарым-қатынас жасай алмас едік. Барлық сөйлеушілер дыбыстар, морфемалар мен сөздердің мағыналары берілген негізгі сөздік қор болып саналатын сөздікті бірдей қолданады. Әрқайсымыз мыңдаған сөздің мағынасын білеміз. Сөздердің мағынасын дұрыс әрі жетік білу басқа адамдардың ойын түсінуге және өз ойымызды білдіруге мүмкіндік береді. Сөздің лексикалық мағынасы – тіл білімінің бір саласы. Олай болса, лексика дегеніміз – сөздер мен морфемалар туралы ақпарат яғни, біздің тіл байлығымыз.

Сөздер сөздікте басқа сөздермен бірге қолданылып, өзінің негізгі мағыналық аясынан кең мағына бере алады яғни, оны жеке қолданғандағы мағынасы қандай болса да, оның сөз тіркесінде үйлесіп беретін мағынасы соғұрлым маңыздырақ болады. Бұл жағдайда сөздік шын мәнінде сөздің негізгі мағынасынан гөрі балама мағына береді. Сөздік қорымыздағы сөздердің мағынасы дәстүрлі сөздіктегі берілетін мағынамен сәйкес келе бермейді, сондықтан тіл мамандарына ойымыздағы сөздердің мағынасын нақты беру қиындық тудырады. Сөздің мағынасы сөздікте берілген мағынаға ұқсас болмаса, онда бұл нені білдіреді? Бұл мәселе ғасырлар бойы философтар мен лингвистер арасында пікірталас тудырып келеді. Сөз бен сөз тіркестерінің мағынасын дұрыс табудың бір ғана жолы – өзі білдіретін нысанның анықтамасын беру. Біз мұны референция дейміз.

Жалқы есімдер дегеніміз – зат есім тіркесі; сөйлемдегі зат есім тіркесіндегі жалқы есімдерді грамматикасын сақтай отырып, алмастыра аласыз. Мұндағы басқа да зат есім тіркестері жеке тұлғаларға арналған. Мысалы, the happy swimmer, my friend және that guy сияқты зат есім тіркестері. Сіз Джектің жүзгенін бақылаған болсаңыз, жағдай Джекке қатысты болу үшін бәрі қолданылуы мүмкін екенін байқайсыз. Сол сияқты I, you және him есімдіктері де зат есім тіркесіне жатады. Барлық кезде зат есім тіркесінің референциясы – жағдайға байланысты айтылған адамды таңдайтын зат есім тіркесіндегі мағынаның бөлігі болып саналады. Екінші жағынан, әрбір зат есім тіркесіне жеке референция жасалмайды. Мысалы, No baby swims

сөйлемінде no baby зат есім тіркесі бар, бірақ, лингвистикалық біліміңіз сізге осы зат есім тіркесі ешқандай жеке тұлғаға референция жасамайды деген ой салуы мүмкін. Егер no baby тіркесінде сілтеме болмаса, мағынасы да болмайды.

Тіл білу – сансыз көп сөйлем құру және оның мағынасын түсіну деген сөз. Лингвистикалық мағынаны зерттеу семантика деп аталады. Лексикалық семантика морфема және сөз мағынасымен, ал композициялық семантика сөз тіркесі және сөйлемдермен байланысты.

Прагматика деп контекстің мағынаға әсерін атайды. Сөйлеушінің сөйлем мәні жөніндегі білімі декларативті сөйлемнің шынайы шартын білгенінің белгісі; ол қай кезде бір сөйлемнің келесі сөйлемді өзіне іліктіретінін, екі сөйлемнің басқаша айтылуын немесе қарама-қайшы келетінін, қай сәтте сөйлем тавтология, қарама-қайшылық немесе парадокс екенін, сөйлемнің бірнеше мағынаға ие екенін білу деген сөз. Композициялық семантика – тіркес мағынасының семантикалық ережелер арқылы кішігірім бірліктерден жасалуы. Кейде көлемді бірліктердің мағынасы оған қарасты кішігірім бөліктерінің мағынасынан шықпайтын сәті болып жатады. Үлкен бірліктердің мағынасы сөйлемнің негізгі бөлігінің мағынасымен сәйкес келмейтін кездер болады. Аномалия дегеніміз – сөйлемдегі бірліктердің бір-біріне сәйкес келмеуі.

Метафоралар дегеніміз – мағынаға ие, аномалиялы сөйлемдер (time is money). Идиомалар дегеніміз – мағынасы композициялық емес, біртұтас бірлік ретінде жаттап алуды қажет ететін тұрақты тіркестер (kick the bucket). Сөз мағынасының бір бөлігі сөздердің тиесілі объектілермен байланысты болуы мүмкін, референциялар деп аталатын бұл ұғымдарда оған сай емес қосымша мән болуы ықтимал. Барак Обама – Президент дегеннің референциясы, ал ойдың мәні – «жоғары атқарушы орган». Кейбір ойларда референция болса да, мәні аз, мысалы зат есімдер. Ал кейбір мәндердің референциясы жоқ, мысалы, Францияның қазіргі патшасы.

Сөздердің өзара байланысы әртүрлі. Олар синоним, антоним, омонимге яғни, бірдей оқылып, мәні өзгеше болатын сөздерге бөлінеді.